

Жобаның атауы

«Тараз қаласы аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды өндей отырып, аулаларды абаттандыру құрылғыларын шығару цехын ашу»

Топтың құрамы

2 қатсушыдан құралған

Құрылымдық бөлімшелер

Сейдуалиев Бекмахан Советбекұлы – Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің коммуналдық шаруашылықты шұғыл басқару секторының бас маманы

Әуесхан Қуаныш Еркінұлы – Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің есеп және қаржыландыру секторының бас маманы

Жобаның жетекшісі

Бірлескен жоба болып табылады

Келісілді:

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру кабинеті

Сулейменова
Т.О.

«__»_____
2021ж.

2 - СЛАЙД

Б.Сейдуалиев: Саламатсыздар ма Құрметті, комиссия мүшелері, онлайн форматта бірлесіп қайта даярлау курсынан өтіп жатқан әріптестер! Әлемге жайылған пандемейға байланысты бір бірімізден алшақ, алайды бір жұдырықтай болып 3 апталық курсты Сіздермен бірге оқып өткізгенімізге біздің топ өз алғысын білдіреді. Сіздермен бірге алған біліміміз бен 3 апталық курсымызда жинаған тәжірибені қорытындылай келе Біз **«Тараз қаласы аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды өндей отырып, аулаларды абаттандыру құрылғыларын шығару цехын ашу»** атты тақырыптағы жобамен қорытындылайтын боламыз.

Біздің топта екі мемлекеттік қызметшіден құралған . Менің есімім Бекмахан Сейдуалиев, атқаратын лауазымым *Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің коммуналдық шаруашылықты шұғыл басқару секторының бас маманы* және менің әріптесім және жобадағы серіктесім Әуесхен Қуаныш Еркінұлы - *Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің есеп және қаржыландыру секторының бас маманы*

3 - СЛАЙД

Жобамыздың алғашқы стейкхолдерлері, яғни алғашқы қолдауды сіздерден табуды мақсат еттік.



**ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ДЕГЕН НЕ,
ОНЫҢ АДАМ МЕН ТАБИҒАТҚА
ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?**

4 - СЛАЙД

Бір қарағанда Жасыл Экономика деген атау қарапайым әрі түйсік деңгейінде түсінікті сияқты болып көрінеді. Егер ол туралы қарапайым адамнан сұрасаңыз, ол өзінің ойынша Жасыл Экономикаға жатады деген ұғымдарды санамалай бастары сөзсіз, мысалы: жел генераторлары, күн батареялары, электромобильдер мен қоқыстар, **қоқысты бөліп жинау**. Міне мәселе қайда жатыр. Бүгін біз 4 топқа берілген тапсырма негізінде 5 минут ішінде қалдықтардың зиянын ескере отырып оны тиімді пайдалану жолын ұсынғымыз келіп отыр.

Қ.Әуесхан: Саламатсыздарма Құрметті комиссия мүшелері, аса қадірлі әріптестерім, әрі қайта даярлаудан бірге өтіп жатқан достарым;

Өздеріңізге белгілі күнделікті өмір қажеттілігінен артылған тұрмыстық қалдықтары мен күл-қоқысы ортақ планетамызды тұншықтырып барады. Қасиетті даласын көзінің қарашығындай аялайтын қазақ «ат аунаған жерде түк қалады» деп қастерлеуші еді. Енді табиғат аясына демалысқа шыққан әрбір адамның артында кемінде 10 кило қатты тұрмыстық қалдықтар қалатын болды. Әлемдік статистика бойынша жыл сайын әлемдегі әрбір қала тұрғыны 250-300 кг. қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) «өндіреді» екен. Жаһандану үрдісі белең алған бүгінгі шақта одан ауыл-село тұрғындары да кенде қалып жатқан жоқ. Енді осы цифрды жұмыр жерді мекендейтін 7 миллиард адамға көбейтіп көріңіз.

5 - СЛАЙД

Қазақстанда жинақталған ТҚҚ-ның жалпы көлемі 100 млн. тоннаға жуық, бұл ретте, жыл сайын тағы да 5 – 6 млн. тоннаға жуық ТҚҚ қосылуда. 2025 жылға қарай бұл цифрлар 8 млн. тоннаға дейін өсуі мүмкін, бұл ретте, пайда болатын қалдықтар полигондарға алдын ала сұрыпталмай және залалсыздандырылмай орналастырылады.

6 - СЛАЙД

Оның ішінде Тараз қаласы бойынша 2012 жылы (халық саны 343 275 адам бола тұра 34 960 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылса, ал 2020 жылы (халық саны 389 982 адамға өсіп бұл көрсеткіш 49 920 тоннаға ұлғайды. Яғни қала халқы ұлғайған сайын қала аумағынан шығарылатын тұрмыстық қатты қалдықтар көлемі мен жан басына шаққандағы көлемі көбеюде.


¹ – www.stat.kz сайтының *статистикалық деректеріне сәйкес;*

² – *облыстық экология департаменттерінің есептеріне сәйкес;*

7- СЛАЙД

Б.Сейдуалиев: 2020 жылғы мәлімет бойынша Тараз қаласы аумағынан шығатын қалдықтардың 37 пайызы тамақ, 25 пайызы қағаз, 15 пайызы пластмасса, 12 пайызы шыны және тоқыма өнімдері, 9 пайызы ағаш, резенке және темір қалдықтары, 2 пайызы өзге қалдықтар болып табылады.

ТҚҚ бөлінісі



Қазіргі кезде қала аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауды 5 мекеме жүзеге асырады жән тасымалданған қалдықтардың 10 пайызы ғана қайта өндеу орындарына жөнелтіледі. Өздеріңіз көріп отырғандай қала аумағында 10 пайыз ғана қалдықтар өнделіп 90 пайыз қалдықтар полигонға шығарылуда, нәтижесінде экологияға қаншама зиян келуде.

Қ.Әуесхан: 2020 жылы пандемияға қарсы тұрғындар үйлерінен шықпауына байланысты қала аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтар көлемі екі есеге ұлғайды нәтижесінде тұрмыстық қатты қалдықтар шығарушы мекемелер үлгермегендіктен күніне үш мәрте қалдықтар шығару қолға алынды. Үстіміздегі жылы қалалық бюджеттен «Жасыл Ел Тараз» ЖШС көліктік базасын жаңарту үшін 98 782,0 мың теңге бөлініп қалдықтар шығаратын 3 дана Камаз автокөлігі сатып алынды. Сонымен қатар 397 000,0 мың теңгеге қала аумағындағы орналасқан өзге де қалдықтарды тасымалдап жойылды. Қала көлеміндегі қалдықтарды шығарудың бір айғы тарифі бір тұрғынға шаққанда 98,7 теңге. Яғни қала бойынша бір айда тұрғындан жиналатын қаражат 38 257,234 мың теңге (бір жылдық қаражат көлемі – 549 086,810 мың теңгені) құрайды. Біздің ұсыныс бойынша қалдықтарды сорттау кезінде 26 пайызға қысқартылып өнім өндеу үшін жылына 12 979 тонна қалдықтар жинақталады.

«Тараз қаласы аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды өндей отырып аулаларды абаттандыру құрылғыларын шығару цехын ашу»

Жоба жоспары:

1. Қаладан шығарылатын қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қалдықтар көлемін азайту;
2. Экология және абаттандыру;
3. Қорытынды.

8- СЛАЙД

Сұрыпталмаған қоқыс бірден полигонға көмілсе, жер астында шірімей жүздеген жыл бойы жататын тұрмыс қалдығы экологиялық ахуалға зиянын тигізеді. Қоқысты сұрыптау экологиялық жағынан ғана емес, экономикалық тұрғыдан да тиімді. Қазақстан тәуелсіздік алғалы дамыған елдердің қатарынан көрініп үлгерді. Қоқыс сұрыптау, тұрмыс қалдығын қайта өңдеу жөнінен еліміз батыс мемлекеттерінің озық тәжірибесін алып жатыр. Швецияның тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мен оны электр қуатына айналдыру жүйесінің дамығаны соншалық, қоқысқа қалдықтардың 4%-ы ғана жіберіледі. Қазақстан да қоқысты сұрыптау мен қайта өңдеуді дамытып, тұрғындар арасында тұрмыс қалдықтарын қоқысқа түріне қарай ажыратып тастау мәдениетін қалыптастыруға күш салып отыр. Бұл салада Республика бойынша Қарағанды және Алматы қалалары талғашқы орында. Ал Тараз қаласы қалдықтардың 10 пайзын ғана қайта өңдеуге жолдайды. Бұл айтарлықтай төмен көрсеткіш. Қазіргі кезде облысымызға қалдықтар өңдеу зауытын салу үшін инвесторлар келмеуде. Себебі халық санының аз болуына байланысты кәсіпкерлерді қызықтырмайды. Сондықтан Біз қалдықтарды сұрыптау арқылы жинастырып, оны пайдалану жоларын ұсынамыз. Бұл ретте біз Чех Республикасының кішігірім цехтар ашу жобасын негізге алатын боламыз. Яғни Қалдықтарды сұрыптай отырып алынған өнімді қайта өңдеу арқылы өнім өндіру жобасы. Бұл жоба қазіргі кезде Қазақстан Республикасы бойынша Астана қаласында ғана қолға алынуда.

Сіздерге жобаның маңыздылығы бойынша тоқтала кетуге рұқсат етіңіздер.

9- СЛАЙД

Б.Сейдуалиев: 2020 жылы қала аумағындағы 163 аулаға абаттандыру жұмыстары жүргізіліп 1 368 712,0 мың теңге жұмсалды. Абаттандыру үшін ойын алаңдарына қажетті резина қиыршықтары мен ойын құрылғылары Қарағанды, Шымкент, Астана қалаларынан жеткізілді. Сатып алынған материалдардың мемлекеттік қамту үлесі 90 пайыз, ал облыстық қамту пайызы 42 пайызды құрады. Яғни 793852,960 мың теңге басқа облыстардың бюджетіне салықтық

түсімдер жасалынды. Сондықтан цех ашылған жағдайда облыстық қамту үлесі арту нәтижесінен салықтық түсімдер мен жұмыспен қамту, кәсіпкерлік нысандардың саны көбеюі, экологиялық жағдайдың жақсаруы мен қалдықтардың жиналу пайызының төмендеуі күтіледі.

Жобаның маңыздылығы сол мемлекет тарапынан қаражат қажет етілмейді. Бұл ретте «Өнім Групп» ЖШС ұсынысы негізінде жүзеге асыру жоспарлануда. Жобаға қажетті қаржы көлемі 158,7 млн теңгені құрайды.

Атауы	мерзімі	Жұмсалатын қаржы көлемі	Негізі
Сұрыптау жабдықтары	2 ай мерзімде	61 000,7 мың тг	
Тасымалдау қызметі	1 жыл мерзім аралығында	50 000,0 мың тг	Техникалар жалға алу
жалақы	6 ай көлемінде	27 000,0 мың тг	Жұмысшылар жалдау
Өзге шығыстар	1 жыл көлемінде	38 000,0 мың тг	Салық, жағармай, бұзылған техниканы ретке келтіру, т.с.с.

Жоба жекеменшік-әріптестік шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

- Жергілікті атқарушы органдар тарапынан цех құрылысына қажетті жер телімін бөлу;
- қала сыртындағы қоқыс полигонынан қалдықтарды алуға келісім беру;
- өндірілген өнімдерді ойын алаңдарында орналастыру үшін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы заң талаптарына қайшы келмейтіндей өзгерістер енгізу;
- облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы тарапынан келісім, сонымен қатар архитекторлық қорытынды мен техникалық шарттарды алуға ықпал ету және т.с.с. шараларды қабылдау жүргізу қажет.

SWOT талдау:

Күшті (жағымды) жақтары:

10- СЛАЙД

Қ.Әуесхан: 2020 жылы қала аумағындағы 163 аулаға абаттандыру жұмыстары жүргізіліп 1 368 712,0 мың теңге жұмсалды.

Абаттандыру үшін ойын алаңдарына қажетті резина қиыршықтары мен ойын құрылғылары Қарағанды, Шымкент, Астана қалаларынан жеткізілді. Сатып алынған материалдардың мемлекеттік қамту пайызы 90, ал облыстық қамту пайызы 42 пайызды құрады. Яғни 793852,960 мың теңге басқа облыстардың бюджетіне салықтық түсімдер жасалынды. Сондықтан цех ашылған жағдайда облыстық қамту үлесі арту нәтижесінен салықтық түсімдер мен жұмыспен қамту, кәсіпкерлік нысандардың саны көбеюі, экологиялық жағдайдың жақсаруы мен қалдықтардың жиналмауы

Әлсіз (жағымсыз) жақтары:

Қала аумағында ТҚҚ өңдейтін зауыттың ашылуы, қалалық абаттандыру және өзге де өнімді қажет ететін нысандардың құрылысы жүргізілмеуі

Мүмкіндіктері:

Инновациялық жобаларға берілетін несиелермен, гранттарға қол жеткізу; «Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020»

Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламалары аясында көрсетілетін қызметтерді пайдалану.

Тәуекелдер:

Жобаны жүзеге асыруға қаржы бөлінбеуі немесе бөлінген қаржының жетпей қалуы. Бірқатар шағын және орташа кәсіпорындардың банкрот болуына байланысты жұмыссыздықтың артуы, криминогенді жағдайдың жоғарылауы; Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тағамдарының бағасының өсуі;

(Қорытынды)

Б.Сейдуалиев: Қазақстандағы ҚТҚ қайта өңдеу нарығы төмен бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленеді. Компаниялардың көп саны қоқысты шығару, сонымен қатар қалдықтарды жинақтап өткізумен (мысалы, макулатура немесе пластика және т.с.с.) сегментінде жұмыс істейді. ҚТҚ қайта өңдеу нарығына шығу қоқыс сұрыпатушы кешен үшін де, қоқысты қайта өңдейтін зауытты салу үшін де едәуір инвестицияларды талап етеді. Осы жобаның шеңберінде өткізілген статистикалық көрсеткіштерді, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу тәсілдерін талдауға сәйкес, сонымен қатар ҚТҚ жұмыс жасау бойынша халықаралық тәжірибеге, ҚТҚ қайта өңдеу үшін заманауи технологияларды қолдануға сәйкес бірнеше қорытынды жасауға болады. ҚТҚ өңдей отырып атмосфера, гидросфера, литосфера және биосфера сияқты Жердің барлық қабаттарына тиетін зиянды және улы заттары бар көп компонентті құрамымен қоршаған ортаға зиянды

әсер тигізеді. Біздің жобамыз теңіздің тамшысындай ғана болғанымен тамшыдан теңіз құралатындығын ескергеніміз жөн.

Сондықтан біз жобамыз іске асқан жағдайда төмендегідей ерекшеліктерге мүмкіндік аламыз.

- Қала аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды өндеу пайызын көтере отырып, қала аумағындағы қалдықтардың жинақталуын азайту;
- Өндірілген өнімді жергілікті жерге орналастыру арқылы жергілікті қамту үлесін ұлғайту;
- 45 адамды жұмыспен қамтуды жүзеге асыру, қала аумағында жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылуы;

Сіздерге жоғарыдағы мәліметтерді ұсына отырып, **«Тараз қаласы аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды өндей отырып, аулаларды абаттандыру құрылғыларын шығару цехын ашу» жобасының маңыздылығын түсіндіре алдық деген үміттеміз. Назар қояп тыңдағандарыңызға рахмет!**

11 СЛАЙД

Сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз.

РАХМЕТ!!!